

## Цифрландыру және жасанды интеллект жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 31 қаңтардағы № 60 қаулысы

"Цифрландыру және жасанды интеллект жылын жариялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 6 қаңтардағы № 1151 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Цифрландыру және жасанды интеллект жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін.

2. Жоспардың орындалуына жауапты орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ мүдделі ұйымдар (келісу бойынша):

1) Жоспарды іске асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдасын;

2) тоқсан сайынғы негізде, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-ы күнінен кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігіне Жоспардың орындалу барысы туралы ақпарат беріп тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі тоқсан сайынғы негізде, есепті кезеңнен кейінгі айдың 30-ы күнінен кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Үкіметіне және Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне Жоспардың іске асырылу қорытындылары бойынша жиынтық ақпарат беріп тұрсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2026 жылғы 31 қаңтардағы  
№ 60 қаулысымен  
бекітілген

## Цифрландыру және жасанды интеллект жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с №	Іс-шаралардың атауы	Аяқталу нысаны	Іске асыру мерзімі	Іске асыруға жауаптылар (бірінші басшылар)	Қаржыландыру/ қаржы көзі
1	2	3	4	5	6
1-блок. Цифрландыру және жасанды интеллект жылын дайындау және ұйымдастыру					
Қызметтің негізгі көрсеткіштері					

1. Цифрландыру және жасанды интеллект жылы шеңберінде кемінде 10 халықаралық және республикалық цифрлық іс-шара өткізу.
2. 100 % негізгі басқарушылық шешімдерді (Комиссия құру, жоспарларды, іс-шаралар күнтізбесін бекіту және басқалары) белгіленген мерзімдерде қабылдау және іске асыру

1.	<p>Премьер-Министр орынбасарының төрағалығымен Цифрландыру және жасанды интеллект жылын өткізу жөнінде комиссия құру.</p> <p>Концепт: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімімен Цифрландыру және жасанды интеллект жылын өткізу жөнінде комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылады, цифрлық технологияларды дамытуға және жасанды интеллект негізінде шешімдерді ендіруге бағытталған іс-шараларды іске асыру үшін Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарының, бизнес-қоғамдастық пен сарапшылардың күш-жігерін біріктіру мақсатында Комиссияның құрамы мен өкілеттіктері айқындалады</p>	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі	2026 жылғы ақпан	ЖИЦДМ, ОМО, облыстардың және Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	талап етілмейді
----	---	--	------------------	--	-----------------

2.	<p>Логотип пен брендбукты бекіту, Цифрландыру және жасанды интеллект жылының ұрансөзін әзірлеу.</p> <p>Концепт: логотипті, брендбукты және айдентика элементтерін бекіту арқылы оларды барлық коммуникациялық материалдарда және халықаралық іс-шараларда қолдана отырып, бірыңғай визуалды стильді қалыптастыру, сондай-ақ коммуникациялық стратегия мен медиажоспарды іске асыру</p>	логотип брендбук/ ұрансөз	/ 2026 жылғы ақпан	ЖИЦДМ, ОМО, облыстардың және Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері, Самұрық Қазына" АҚ ( келісу бойынша)	бюджеттен тыс қаражат есебінен
3.	<p>Цифрландыру және жасанды интеллект жылының іс-шаралар күнтізбесін бекіту.</p> <p>Концепт: мемлекеттің, бизнестің, ғылымның және өңірлердің бастамаларын үндестіруді қамтамасыз ететін барлық негізгі іс-шаралардың түпкілікті жоспары ретінде Цифрландыру</p>	бекітілген іс-шаралар күнтізбесі	2026 жылғы ақпан	ЖИЦДМ, ОМО, облыстардың және Астана, Алматы және	талап етілмейді

	және жасанды интеллект жылының бірыңғай күнтізбесін бекіту			Шымкент қалаларының әкімдіктері	
4.	<p>Цифрландыру және жасанды интеллект жылын өткізудің өңірлік жоспарларын әзірлеу және бекіту.</p> <p>Концепт: мемлекеттің, бизнестің, ғылымның және өңірлердің үйлестірілген бастамалары негізінде Цифрландыру және жасанды интеллект жылын өткізу жөніндегі өңірлік жоспарларды бекіту</p>	өңірлік жоспарларды бекіту	2026 жылғы ақпан	облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	талап етілмейді
5.	<p>"Digital Qazaqstan" стратегиялық сессиясы шеңберінде Цифрландыру және жасанды интеллект жылының ашылуы.</p> <p>Концепт: Цифрландыру және жасанды интеллект жылының ашылуы, цифрландыруды мен жасанды интеллектіні дамытудың ағымдағы барысы қарастыра</p>	Цифрландыру және жасанды интеллект жылының ашылуы, "Digital Qazaqstan" стратегиясын таныстыру	2026 жылғы ақпан	ЖИЦДМ, Астана қаласының әкімдігі, ПІБ (келісу бойынша), Ұлттық Банк (келісу бойынша)	көзделген бюджет қаражаты шеңберінде, бюджеттен тыс

	отырып, стратегиялық сессияны және " Digital Qazaqstan "				қаражат есебінен
6.	Digital Qazaqstan халықаралық форумын өткізу және оның шеңберінде Цифрландыру және жасанды интеллект жылын өткізу туралы баяндама ұсыну. Концепт: форумды цифрлық трансформация жобаларын ұсыну және жасанды интеллект және өңірлер мен серіктестер арасында тәжірибе алмасу үшін негізгі алаң ретінде өткізу	форум	2026 жылғы наурыз	ЖИЦДМ, Шымкент қаласының әкімдігі, ОМО, " Самұрық-Қазына" АҚ (келісу бойынша), " Бәйтерек" АҚ (келісу бойынша), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, Ұлттық Банк (келісу бойынша)	көзделген бюджет қаражаты шеңберінде, бюджеттен тыс қаражат есебінен
7.	"Цифрлық Наурыз" іс-шарасын өткізу. Концепт: дәстүрлі құндылықтар мен озық технологиялардың синтезін көрсететін бірқатар іс-шаралар	Қазақстан Республикасын		ЖИЦДМ, ОМО, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент	көзделген бюджет қаражаты шеңберінде,

	сериясын өткізу, оның ішінде Alem.ai халықаралық жасанды интеллект орталығында "Timo" және "Tomorrow School" жобаларын таныстыру	ың Үкіметіне ақпарат	2026 жылғы наурыз	қалаларының әкімдіктері	бюджеттен тыс қаражат есебінен
8.	"PARYZ" Қазақстан Республикасы жұмыс берушілерінің ұлттық конфедерациясының Дүниежүзілік еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау күніне арналған "Қауіпсіз еңбек: жаңа міндеттер және цифрлық шешімдер" халықаралық форумын өткізу. Концепт: ақпараттық сессиялармен, еңбекті қорғау саласындағы заманауи инновациялар мен цифрлық шешімдердің таныстырылымымен көрмефорум	халықаралық форум	2026 жылғы сәуір	Еңбекмині, "PARYZ" Қазақстан Республикасы жұмыс берушілерінің ұлттық конфедерациясы (келісу бойынша)	бюджеттен тыс қаражат есебінен
	Алматы қаласында GITEX "Central Asia and Caucasus" халықаралық форумын және AI Council екінші отырысын өткізу				

9.	<p>Концепт: форумды Қазақстанды GovTech және жасанды интеллект өңірлік орталығы ретінде ілгерілету, сондай-ақ Жасанды интеллект цифрлық экономиканың өсу факторы ретінде" тақырыбына арналған ЖИ дамыту жөніндегі кеңестің отырысын өткізіп, серіктестер мен инвестиция тарту үшін халықаралық платформа ретінде пайдалану ұсынылады</p>	" халықаралық форум	2026 жылғы мамыр	<p>ЖИЦДМ, Алматы қаласының әкімдігі, ОМО, " Самұрық-Қазына" АҚ (келісу бойынша), " Бәйтерек" АҚ (келісу бойынша), облыстардың, Астана және Шымкент қалаларының әкімдіктері, Ұлттық Банк (келісу бойынша)</p>	көзделген бюджет қаражаты шеңберінде, бюджеттен тыс қаражат есебінен
10.	<p>Еуразиялық экономикалық форум өткізу. Концепт: форумды ЕАЭО-ның агроөнеркәсіптік және үкіметаралық процестерін цифрландыру бойынша Қазақстанның бастамаларын ілгерілету үшін пайдалану ұсынылады</p>	форум	2026 жылғы мамыр	СІМ, ОМО, Астана қаласының әкімдігі	көзделген бюджет қаражаты шеңберінде, бюджеттен тыс қаражат есебінен
	Шетелдік инвесторлар кеңесінің (бұдан әрі – ШИК)				

11.	<p>жасанды интеллектіні дамытуға арналған отырысын өткізу .</p> <p>Концепт: стратегиялық инвестицияларды, халықаралық серіктестерді және озық технологияларды ұлттық AI-экожүйесіне тарту мақсатында ШИК отырысын өткізу</p>	Шетелдік инвесторлар кеңесінің отырысы	2026 жылғы шілде	СІМ, ЖИЦДМ, Астана қаласының әкімдігі, мүдделі МО және ұйымдар (келісу бойынша)	көзделген бюджет қаражаты шеңберінде, бюджеттен тыс қаражат есебінен
12.	<p>"Болашақ ойындары" халықаралық мультиспорттық турнир өткізу.</p> <p>Концепт: "Болашақ ойындары", жаңа буын спортын, цифрлық технологияларды, киберқауіпсіздік пен ғарыштық инновацияларды біріктіретін халықаралық оқиға</p>	турнир	2026 жылғы шілде – тамыз	ТСМ, ЖИЦДМ, ОМО, Астана қаласының әкімдігі	көзделген бюджет қаражаты шеңберінде, бюджеттен тыс қаражат есебінен
13.	<p>Білім беру қызметкерлерінің "Тамыз кеңесін" ("Тамыз кеңесі") өткізу.</p> <p>Концепт: өткен оқу жылының қорытындылары н талқылау, тәжірибе алмасу үшін жаздың соңында педагогтер мен білім беру</p>	кеңес	2026 жылғы тамыз	ОМ, ОМО, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	көзделген бюджет қаражаты шеңберінде, бюджеттен тыс

	қызметкерлерінің дәстүрлі жыл сайынғы жиналысы және болашақ міндеттерді жоспарлау				қаражат есебінен
14.	<p>Мектеп оқушылары үшін "Болашақтың цифрлық әлемі" цифрландыру фестивалін өткізу.</p> <p>Концепт: цифрлық технологияларды танымал етуге, IT-құзыреттіліктерді, жобалық ойлауды және бағдарламалау, робототехника, ЖИ және цифрлық сауаттылық саласындағы практикалық дағдыларды дамытуға бағытталған барлық жастағы мектеп оқушылары үшін ауқымды білім беру және шығармашылық фестивалін өткізу</p>	фестиваль	2026 жылғы қыркүйек	ОМ, ОМО, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	көзделген бюджет қаражаты шеңберінде, бюджеттен тыс қаражат есебінен
	<p>Central Asia Fintech Summit өткізу.</p> <p>Концепт: форумды орталық банктер, халықаралық ұйымдар, екінші деңгейдегі банктер, мүдделі мемлекеттік органдар мен</p>			"Қазақстан Республикасы	

15.	<p>ұйымдар өкілдерінің қатысуымен цифрландыруды дамытуға, AI енгізуге және қаржылық технологияларды дамытуға ықпал ететін білім, тәжірибе және идеялармен алмасу үшін негізгі өңірлік алаң ретінде өткізу</p>	саммит	2026 жылғы қыркүйек	<p>Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы" АҚ, Ұлттық Банк (келісу бойынша)</p>	бюджеттен тыс қаражат есебінен
16.	<p>AI Digital Bridge халықаралық форумын және Жасанды интеллектіні дамыту жөніндегі кеңестің үшінші отырысын өткізу</p> <p>Концепт: форумды Жасанды интеллектіні дамыту жөніндегі кеңестің отырысын өткізі отырып, елдің Ж И саласындағы жетістіктерін көрсету, халықаралық ынтымақтастықты нығайту және отандық цифрлық шешімдердің экспорттық әлеуетін ілгерілету үшін пайдалану ұсынылады</p>	форум	2026 жылғы қазан	<p>ЖИЦДМ, Астана қаласының әкімдігі, ПБ (келісу бойынша), Ұлттық Банк (келісу бойынша)</p>	көзделген бюджет қаражаты шеңберінде, бюджеттен тыс қаражат есебінен
	Цифрландыру және ақпараттық технологиялар				

17.	<p>қызметкерлері күнін өткізу. Концепт: цифрлық трансформация саласындағы мамандардың жетістіктерін тану мақсатында ресми мереке ретінде жыл сайынғы Цифрландыру және ақпараттық технологиялар қызметкерлерінің күнін ұйымдастыру, инновацияларды қолдау, кәсіби қоғамдастықты нығайту және жастар арасында IT-мамандықтарын танымал ету</p>	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2026 жылғы қараша	ЖИЦДМ, ОМО, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері, ПБ (келісу бойынша)	көзделген бюджет қаражаты шеңберінде, бюджеттен тыс қаражат есебінен
18.	<p>Жыл сайынғы Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің республикалық форумын өткізу. Концепт: республика бойынша шаруалардың еңбек жетістіктерін атап өту, егін жинау науқанының нәтижелерін қорытындылау және саланың цифрлануы мен өнімділікті, тұрақтылықты арттыруға және алдағы жылы агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың стратегиялық басымдықтарын</p>	форум	2026 жылғы қараша	АШМ, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	көзделген бюджет қаражаты шеңберінде, бюджеттен тыс

	айқындауға бағытталған заманауи цифрлық және интеллектуалды технологияларды қолдану мәселелерін талқылау				қаражат есебінен
19.	Қазақстан қаржыгерлерінің жыл сайынғы конгресін өткізу. Концепт: қазіргі заманғы сын-қатерлердің монетарлық саясатқа, қаржы тұрақтылығына және институттарға деген сенімге әсері туралы пікір алмасу, сондай-ақ цифрландыру және жасанды интеллект жылын талқылау үшін шетелдік орталық банктердің басшылары, қазақстандық қаржы институттарының өкілдері, мемлекеттік органдар мен қаржы ұйымдарының қатысуымен панельдік сессиялар өткізу	конгресс	2026 жылғы қараша	Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы (келісу бойынша), Ұлттық Банк (келісу бойынша), ҚНРДА (келісу бойынша)	бюджеттен тыс қаражат есебінен
	Жыл қорытындыларының шығару және Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы "Алтын сапа" сыйлығы				

20.	шенберінде соңғы рәсімді өткізу. Концепт: Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы " Алтын сапа" сыйлығы шеңберінде жыл қорытындылары н шығару	Цифрландыру және жасанды интеллект жы лы н қорытындылап, салтанатты жабу	2026 жылғы желтоқсан	СИМ, ЖИЦДМ, Астана қаласының әкімдігі, мүдделі ОМ және ұйымдар (келісу бойынша)	көзделген бюджет қаражаты шеңберінде, бюджеттен тыс қаражат есебінен
2-блок. Цифрландыру мен жасанды интеллектіні дамытуды стратегиялық және реттеушілік қамтамасыз ету					
Қызметтің негізгі көрсеткіштері					
<p>1. Цифрландыру, ЖИ, деректер, киберқауіпсіздік, телекоммуникациялар және цифрлық активтер саласындағы негізгі заңнамалық бастамалардың кемінде 90 %-ын белгіленген тәртіппен қабылдау немесе енгізу.</p> <p>2. Барлық орталық мемлекеттік органдарда, ЖАО-да, стратегиялық басым мемлекеттерде және негізгі ұлттық компанияларда дипломатиялық өкілдіктерде CDO институтын ендіру</p>					
21.	"Digital Qazaqstan" стратегиясын әзірлеу және Президент Әкімшілігіне енгізу. Концепт: цифрлық экономиканы, жасанды интеллектіні, деректерді, инфрақұрылымды , киберқауіпсіздік , адами капитал ж ә н е платформалық шешімдерді дамытудың бірыңғай стратегиялық көзқарасын қалыптастыру мақсатында	стратегияны Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне енгізу	2026 жылғы наурыз	ЖИЦДМ, ЦҰҚО (келісу бойынша ), ОМО, " Самұрық-Қазына" АҚ (келісу бойынша), " Бәйтерек" АҚ ( келісу бойынша) , облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері, Ұлттық Банк ( келісу бойынша) , ҚНРДА (келісу бойынша), МҚІА (келісу бойынша), ҰҚК (келісу бойынша ), ПІБ (келісу бойынша)	талап етілмейді
Мемлекеттік органдардың құрамында CDO институттарын, сондай-ақ					

22.	<p>шетелдегі дипломатиялық мекемелерде цифрлық дипломаттарды құру.</p> <p>Концепт: цифрландыру мен ЖИ ендіруді жеделдету үшін мемлекеттік органдарда, сондай-ақ шетелдік дипломатиялық мекемелерде С D O институтын кеңейту</p>	МО, ЖАО және елшіліктерде құрылған СДО институты	2026 жылғы сәуір	<p>ЖИЦДМ, ҰЭМ, СІМ, МАМ, СЖРА (келісу бойынша), БҚДА (келісу бойынша), ЖАП (келісу бойынша), облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері</p>	ОМО көзделген бюджет қаражаты шеңберінде, ЖБ қаражаты есебінен
23.	<p>Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде С D O институттарын құру.</p> <p>Концепт: цифрландыру мен ЖИ ендіруді жеделдету үшін квазимемлекеттік секторда С D O институтын нығайту</p>	негізгі ұйымдарда құрылған С D O институты	2026 жылғы сәуір	<p>"ҚазМұнайГаз" АҚ (келісу бойынша), "Қазатомөнеркәсіп" АҚ (келісу бойынша), "KEGOC" АҚ (келісу бойынша), "QazaqGaz" АҚ (келісу бойынша), "Air Astana" АҚ (келісу бойынша), "ҚДБ" АҚ (келісу бойынша)</p>	бюджеттен тыс қаражат есебінен
24.	<p>Отандық ІТ компанияларға реттеуші ынталандырулар қарастыратын заңнамалық өзгерістер мен түзетулер бойынша ұсыныстар енгізу.</p> <p>Концепт: отандық әзірлеушілерді қолдауға, АКТ ішкі нарығын дамытуға және цифрлық</p>	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2026 жылғы тамыз	ЖИЦДМ, мүдделі МО және ұйымдар (келісу бойынша)	талап етілмейді

	трансформацияны жеделдетуге бағытталған ынталандырушы тетіктерді ендіру арқылы отандық цифрлық шешімдерді пайдалану үшін экономикалық тартымды жағдайлар қалыптастыру				
3-блок. AI SANA: адами капиталды дамыту					
Қызметтің негізгі көрсеткіштері					
1. Білім берудің барлық деңгейлерінде және секторларында кемінде 450000 білім алушылар мен педагогтерді цифрлық және AI-дағдыларын дамыту бағдарламаларымен қамту. 2. Білім беру жүйесінде кемінде 5 негізгі институционалдық элементті іске қосу. 3. Кемінде 3 халықаралық бастама мен әріптестікті жүзеге асыру					
25.	Қазақстан Республикасының азаматтарына Perplexity Pro-ға тегін қолжетімділік ұсыну. Концепт: әсіресе елдің цифрлық экожүйесін дамыту шеңберінде ЖИ-құралдармен жұмыс істеу және оқыту үшін жаңа мүмкіндіктер аша отырып, бір жылға Perplexity Pro-ға тегін қолжетімділік ұсыну	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2026 жылғы ақпан	"Қазақтелеком" АҚ (келісу бойынша), ҒЖБМ, ЖИЦДМ	бюджеттен тыс қаражат есебінен
	Үкіметтік органдар арасында ЖИ қолдану саласындағы үздік жобалар мен практикалық шешімдерге арналған "AI				

26.	<p>Governance Cup" ұлттық конкурсын өткізу.</p> <p>Концепт: конкурсты өткізу қолданбалы ЖИ-жобаларды іске асыруды ынталандыруға, мемлекеттік органдар арасындағы салауатты бәсекелестікті қалыптастыруға, басшылар мен жобалық командалардың ынтасын арттыруға және мемлекеттік басқару жүйесінде ЖИ - ді практикалық қолданудың тұрақты мәдениетін дамытуға бағытталған</p>	"AI Governance Cup" конкурсы	2026 жылғы наурыз/тоқсан сайын	ЖИЦДМ, МБА ( келісу бойынша) , ЦҮҚО (келісу бойынша)	көзделген бюджет қаражаты шеңберінде, бюджеттен тыс қаражат есебінен
27.	<p>Қазақстанда жасанды интеллект туралы халықаралық және республикалық олимпиадалар өткізу.</p> <p>Концепт: саланы насихаттау мақсатында мектеп оқушылары арасында халықаралық олимпиадалар және жарыстар өткізу</p>	олимпиадалар	2026 жылғы шілде	ЖИЦДМ, ОМ, " Astana Hub" ДКҚ (келісу бойынша)	бюджеттен тыс қаражат есебінен
	Жоғары сыныптарға				

28.	<p>арналған жобаны одан әрі тарату туралы шешім қабылдай отырып, 180 пилоттық мектептің (шамамен 8000 оқушы) 10-11 сыныптарында бағдарламалау негіздері бойынша курс енгізу.</p> <p>Концепт: жоғары сыныптарға арналған бағдарламалау негіздері бойынша курс</p>	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2026 жылғы қыркүйек	ОМ, ЖИЦДМ, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	талап етілмейді
29.	<p>ЖИ-Университетін іске қосу.</p> <p>Концепт: ЖИ-Университетінің ашылуы ұлттық ЖИ-экожүйесінің кадрлық және ғылыми ядросын қалыптастыруға бағытталған жылдың негізгі институционалдық іс-шарасы ретінде ұсынылады.</p> <p>Ашылу аясында ЖИ-Университетінің тұжырымдамасы мен моделін, оның кадрларды даярлаудағы мақсатты көрсеткіштері мен басым бағыттарын көрсету, сондай-ақ жасанды интеллект пен деректерді</p>	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2026 жылғы қыркүйек	ҒЖБМ, ЖИЦДМ, "Самұрық-Қазына" АҚ (келісу бойынша)	көзделген бюджет қаражаты шеңберінде, бюджеттен тыс

	талдау бойынша білім беру бағдарламаларын іске қосу жоспарланған				қаражат есебінен
30.	<p>AI-SANA жобасын цифрлық құзыреттерді дамыту үшін кеңейту.</p> <p>Концепт: дамыту мектеп оқушыларын (ЖИ-мен байланысты мәселелерді оқу бағдарламаларына қосу); колледжде білім алушыларды (ЖИ пайдаланудың базалық дағдылары, ЖИ-агенттерді құру дағдылары); жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында (ЖИ-кәсіпкерлік) оқитындарды қамтиды</p>	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2026 жылғы қараша	ОМ, ЖИЦДМ (білім беру ресурстарына қолжетімділікті ұсыну), ҒЖБМ, "Astana Hub" ДКҚ (келісу бойынша)	талап етілмейді
31.	<p>Оқушы саны аз ауылдық мектептерге арналған "Qazaq Digital Mektebi" пилоттық бағдарламасын іске қосу.</p> <p>Концепт: ауылдық өңірлердегі кемінде 2000 оқушыны (пилот шеңберінде) қамти отырып, цифрлық оқыту моделін және</p>	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2026 жылғы қараша	О М , облыстардың, Астана, Алматы	талап етілмейді

	гибридті форматтарды ендіру, мектеп оқушыларының базалық цифрлық және AI-дағдыларын дамыту			және Шымкент қалаларының әкімдіктері	
32.	<p>Massachusetts Institute of Technology-мен (MIT, АҚШ) бірлесіп, "Day of AI Qazaqstan" білім беру бағдарламасын іске қосу.</p> <p>Концепт: бағдарлама екі кезеңде жүзеге асырылады:</p> <p>1-кезең 1-4 сынып оқушылары үшін – жасанды интеллект негіздерімен, цифрлық ойлаумен және технологияларды қауіпсіз қолданумен таныстыру;</p> <p>2-кезең мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты шеңберінде: кемінде 5 пәнге жасанды интеллект бойынша тақырыптарды интеграциялау</p>	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2026 жылғы қараша	ОМ, ЖИЦДМ	талап етілмейді
	"AI Governance 5 0 0 " бағдарламасы аясында оқыту өткізу. <p>Концепт: цифрлық басқару,</p>				

33.	<p>мемлекеттік ақпараттық жүйелер архитектурасы және ЖИ саласындағы құзыреттерді дамыту бағдарламасы жүзеге асырылады. Бағдарлама МО және квазимемлекеттік секторлардың кемінде 500 өкілін оқытуды қамтиды</p>	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	тоқсан сайын, наурыз, маусым, қыркүйек, желтоқсан	ЖИЦДМ, МБА (келісу бойынша), ЦУҚО (келісу бойынша)	көзделген бюджет қаражаты шеңберінде, бюджеттен тыс қаражат есебінен
34.	<p>Peer-to-peer оқыту моделі бойынша ЖИ-мамандарды даярлау үшін Қазақстанның барлық өңірлерінде Tomorrow School-ды тарату (жоғары оқу орындарында және әкімдіктерде). Концепт: практикаға және командалық жұмысқа бағытталған peer-to-peer оқыту моделін тарату</p>	18 өңірде мектептерді іске қосу	2026 жылғы қараша	ОМ, ЖИЦДМ, "Astana Hub" ДКҚ (келісу бойынша), облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	ЖБ қаражаты есебінен
	<p>Бағдарламалауға, жасанды интеллектіге және креативті технологияларға үйрету үшін 12-18 жастағы мектеп оқушылары үшін TUMO Centers (ЖОО мен әкімдіктер жанында) ашу.</p>			ОМ, ЖИЦДМ, "Astana Hub"	

35.	<p>Концепт: бағдарламалауда практикалық, жасанды интеллектіде және креативті технологияларда практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған заманауи білім беру кеңістіктерінің желісі ретінде TUMO Centers ашу</p>	3 TUMO орталығын ашу	2026 жылғы қараша	ДКҚ (келісу бойынша), облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	ЖБ қаражаты есебінен
36.	<p>Global Competitive Programming Hub ашылуы. Ресейден, Үндістаннан және Қытайдан ең мықты спорт бағдарламашыларын тарту арқылы халықаралық жаттығу жиындарын өткізу.</p> <p>Концепт: бәсекеге қабілеті жоғары алгоритмдік және ЖИ-құзыреттерді дамыту үшін Ресей, Үндістан және Қытайдан келген жетекші спорттық бағдарламалау сарапшыларымен халықаралық жаттығу жиындарын өткізу</p>	жаттығу жиындары	2026 жыл ішінде	ЖИЦДМ	бюджеттен тыс қаражат есебінен
	Корпоративтік секторды жасанды интеллект				

37.	<p>дағдыларына үйрету үшін AI Sorrogate бағдарламасын іске қосу.</p> <p>Концепт: корпоративтік секторды бизнес-процестер мен басқару шешімдерінде жасанды интеллект технологияларын ендіру және қолдану бойынша практикалық дағдыларға оқытуға бағытталған бағдарламаны іске қосу</p>	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	тоқсан сайын, наурыз, маусым, қыркүйек, желтоқсан	ЖИЦДМ, " Самұрық-Қазына" АҚ (келісу бойынша), " Бәйтерек" АҚ (келісу бойынша)	бюджеттен тыс қаражат есебінен
	<p>Мұғалімдер мен білім беру жүйесі қызметкерлеріне GPT-Education ендіру, мұғалімдерді жасанды интеллектіні қолдану дағдылары бойынша жаппай оқыту және білім беру процесінде ЖИ-технологияларды пайдалануды ескере отырып НҚА-ларды жаңарту.</p> <p>Концепт: сабақтарды жоспарлау, жұмыстарды тексеру, оқу үлгерімін талдау және әкімшілік міндеттерді орындауда ЖИ-ассистенттерді пайдалану.</p>				

38.	<p>Оқыту мен басқару процестерінің сапасын арттыру үшін білім берудің барлық деңгейлеріндегі кемінде 200000 педагогтің практикалық ЖИ-құралдарды меңгеруі.</p> <p>Білім алушылар мен педагог кадрларды қамту ауқымы: мектепке дейінгі білім беру – 10 мың; жалпы білім беретін мектептер – 170 мың; техникалық және кәсіптік білім беру (ТжКБ) – 20 мың; жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамы, әкімшілік персонал, зерттеушілер – 62,8 мың; AI-Sana бағдарламасының студенттері – 100 мың; сондай-ақ промпт-инжиниринг бойынша оқыту</p>	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2026 жылғы желтоқсан	ОМ, ҒЖБМ, ЖИЦДМ	бюджеттен тыс қаражат есебінен
-----	--	---	----------------------	-----------------	--------------------------------

4-блок. GovTech

Қызметтің негізгі көрсеткіштері

1. Мемлекеттік қызметшілердің кемінде 80 %-ын барлық негізгі жүйелерге бірыңғай кіретін Gov Workspace цифрлық жұмыс орны арқылы қамту.
2. ЖИ-ді қолдану арқылы кемінде 50 мемлекеттік қызметті ұсыну.
3. Мемлекеттік ақпараттық жүйелердің кемінде 30 %-ын QazTech платформасына көшіру.
4. Цифрлық мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына азаматтар мен бизнестің қанағаттануының кемінде 75 %-ға өсуі

--	--	--	--	--	--

39.	<p>Alem.GPT-ді іске қосу және дамыту.</p> <p>Концепт: мемлекеттік қызметтер көрсетудің тиімділігін арттыру үшін мыналар жүзеге асырылады: үздік 50 мемқызметті ЖИ арқылы көрсету; бизнес пен ЕДБ-дан ЖИ-агенттер; ХҚКО-ға ендіру</p>	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2026 жылғы сәуір	ЖИЦДМ, ОМО	талап етілмейді
40.	<p>"Gov Workspace" цифрлық жұмыс орнын мемлекеттік қызметшілер үшін "бір терезе" қағидаты бойынша іске қосу.</p> <p>Концепт: мемлекеттік басқару тиімділігін арттыру үшін барлық жүйелерге бірыңғай кіретін цифрлық жұмыс орны енгізіледі, сервистерге бірыңғай қолжетімділік қамтамасыз етіледі</p>	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2026 жылғы маусым	ЖИЦДМ, ОМО, Ұлттық Банк (келісу бойынша)	көзделген бюджет қаражаты шеңберінде, бюджеттен тыс қаражат есебінен
	<p>Мемлекеттік органдарда қолданбалы ЖИ-агенттер мен ЖИ-асистенттерді ендіру.</p> <p>Концепт: баяндамалар бойынша</p>				

41.	<p>ЖИ-көмекшілер, аналитикалық және есептік материалдардың ЖИ-суммаризаторы, есептерді дайындау бойынша ЖИ-көмекші, ЖИ-хаттамалау, автоматтандырылған тәуекелді генерациялауға арналған ЖИ-модулі және т.б. сияқты ЖИ агенттерді құру</p>	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2026 жылғы маусым	ЖИЦДМ, ОМО, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	ОМО-ның көзделген бюджет қаражаты шеңберінде, бюджеттен тыс қаражат есебінен
42.	<p>Микросервистердің архитектуралық тәсілін ендіруді қоса алғанда, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсынуды оңтайландыру шеңберінде eGov 3.0 (азаматтарға арналған фронт) жаңа нұсқасын іске қосу.</p> <p>Концепт: eGov 3.0 микросервис архитектурасын да икемділікті, ауқымдылықты, сервистерді біріктіруді қамтамасыз етуге және мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыруға негізделген электрондық үкіметтің экожүйесі ретінде жүзеге асырылады</p>	eGov 3.0 платформасын іске қосу	2026 жылғы маусым	ЖИЦДМ, "ҰАТ" АҚ (келісу бойынша)	бюджеттен тыс қаражат есебінен
	Отандық компаниялар				

43.	<p>әзірлеген жасанды интеллект негізінде дауыстық және интеллектуалды көмекшілерді (кемінде 75 танымал қызметті қолдайтын) ендіру.</p> <p>Концепт: халыққа көрсетілетін қызмет сапасын арттыру және мемлекеттік органдармен коммуникацияның тиімділігін күшейту мақсатында 1414 бірыңғай байланыс орталығына дауысқа негізделген ЖИ-ассистентті ендіру қамтамасыз етіледі</p>	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2026 жылғы қазан	ЖИЦДМ, Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КеАҚ (келісу бойынша)	" көзделген бюджет қаражаты шеңберінде, бюджеттен тыс қаражат есебінен
	<p>Мемлекеттік функциялардың тиімділігін талдау және арттыру (ықтимал оңтайландыру, қайталануды болдырмау, артық рәсімдерді жою және нәтижелілікті арттыру) оның ішінде G2G процестерін цифрландыру.</p> <p>Концепт: оңтайландыру, функциялардың қайталануын және артық</p>	ЦҰКО сайтында мемлекеттік функциялар			

44.	рәсімдерді болдырмау, функцияларды қайта бөлу, сондай-ақ функцияларды цифрландыруға, автоматтандыруға және ЖИ-шешімдерді ендіруге дайындау есебінен олардың тиімділігін арттыру мақсатында мемлекеттік функциялар мен процестерге кешенді талдау жүргізу	тізілімімен байланыстырылған машина оқитын есеп	2026 жылғы қазан	ҰЭМ, МҚІА (келісу бойынша), ЖИЦДМ	талап етілмейді
45.	"Әлеуметтік әмиян" цифрлық сервисін дамыту. Әлеуметтік қолдаудың 8 шарасын цифрландыру. Концепт: халыққа әлеуметтік қолдау шараларын атаулы түрде, ашық әрі қолайлы алу мүмкіндігін арттыру мақсатында "Әлеуметтік әмиянның" одан әрі дамуы және функционалдық кеңейтілуі қамтамасыз етіледі	жаңа 8 цифрлық сервисті іске қосу	2026 жылғы қараша	ЖИЦДМ, ОМ, ДСМ, Еңбекмині, СИМ, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері, Ұлттық Банк (келісу бойынша)	көзделген бюджет қаражаты шеңберінде, ЖБ қаражаты есебінен
	eGov Business платформасын дамыту, бизнес пен экономикаға арналған			ЖИЦДМ, ҰЭМ, Еңбекмині, СИМ (Инвестиция комитеті), СИМ, АШМ, ӨҚМ,	

46.	цифрлық қызметтерді кеңейту. Концепт: мемлекет пен бизнестің өзара іс-қимылының бірыңғай цифрлық ортасын қалыптастыру шеңберінде: eGov Business платформасын одан әрі дамыту: "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қолдау шараларының бірыңғай тізілімі; әкімдіктердің қызметтерін цифрландыру; салық төлеушінің кабинеті қамтамасыз етіледі	eGov Business платформасында жаңа сервистерді іске қосу	2026 жылғы қараша	ДСМ, ПМ, "ҰАТ" АҚ (келісу бойынша), ҰСБ СЖРА (келісу бойынша), "Қазпошта" АҚ (келісу бойынша), "Даму қоры" АҚ (келісу бойынша), "Бәйтерек" АҚ (келісу бойынша), "KazakhInvest" АҚ (келісу бойынша), Атамекен ҰКП (келісу бойынша), Ұлттық Банк (келісу бойынша), "Мемлекеттік кредиттік бюро" АҚ (келісу бойынша), ҚНРДА (келісу бойынша), облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	бюджеттен тыс қаражат есебінен
47.	Ең көп сұранысқа ие ҮЗДІК-10 мемлекеттік көрсетілетін қызметті баламасыз цифрлық форматқа көшіру. Концепт: неғұрлым сұранысқа ие қызметтерді бюрократиялық рәсімдерсіз онлайн форматта алуды қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2026 жылғы желтоқсан	ЖИЦДМ, ОМО, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КеАҚ (келісу бойынша), "ҰАТ" АҚ (келісу бойынша)	ОМО көзделген бюджет қаражаты шеңберінде, бюджеттен тыс қаражат есебінен
	Мемлекеттік ақпараттық				

48.	<p>жүйелердің технологиялық борышын жою. Концепт: іс-шара технологиялық мұра (legacy) қалыптастырған ескірген, қайталанатын және архитектуралық тұрғыдан үйлеспейтін ақпараттық жүйелер мен компоненттерді анықтауға және оларды кезең-кезеңімен жоюға бағытталған. Іске асыру барысында тиімсіз шешімдерді пайдаланудан шығару, аса маңызды жүйелерді жаңғырту көзделді</p>	есеп	2026 жылғы желтоқсан	ОМО, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері, "Самұрық-Қазына" АҚ (келісу бойынша), "Бәйтерек" АҚ (келісу бойынша), ЦҰҚО (келісу бойынша)	ОМО көзделген бюджет қаражаты шеңберінде, бюджеттен тыс қаражат есебінен
49.	<p>"QazTech" платформасына көшу және кемінде бес цифрлық бірлікті іске қосуды қамтитын біртұтас архитектуралық шеңбер қалыптастыру. Концепт: мемлекеттік ақпараттық жүйелерді біртіндеп QazTech платформасына көшіруді, сонымен бірге біртұтас</p>	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2026 жылғы желтоқсан	ОМО, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері, "Самұрық-Қазына" АҚ (келісу бойынша), "Бәйтерек" АҚ (келісу бойынша), Ұлттық Банк (келісу бойынша)	ОМО көзделген бюджет қаражаты шеңберінде, бюджеттен тыс

	архитектуралық қағидаттардың, интеграция стандарттарының және үйлесімділіктің сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған			, ЦУҚО (келісу бойынша)	қаражат есебінен
50.	Ескірген ақпараттық жүйелерге цифрлық амнистия. Концепт: ескірген АЖ-ны пайдаланудан технологиялық шығаруға мүмкіндік беретін техникалық кедергілерді жою, олардың деректерін сақтап қалу және заманауи цифрлық платформаларға көшіру	есеп	2026 жылғы желтоқсан	ОМО, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері, "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ (келісу бойынша), Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" АҚ (келісу бойынша), Ұлттық Банк (келісу бойынша)	көзделген бюджет қаражаты шеңберінде, бюджеттен тыс қаражат есебінен
5-блок. Цифрлық инфрақұрылым және киберқауіпсіздік					
Қызметтің негізгі көрсеткіштері					
1. Мемлекеттік ақпараттық жүйелердің кемінде 50 %-ын мемлекеттік ДОО-ға көшіру. 2. Көлік және туризм инфрақұрылымы объектілеріндегі Интернетке қолжетімділікті кемінде 50 % қамтамасыз ету. 3. Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде дербес деректерді қорғау саласындағы маңызды оқыс кибероқиғалар мен бұзушылықтар санын өткен жылмен салыстырғанда кемінде 25 %-ға азайту					
51.	Абоненттік құрылғыларды верификациялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесін іске қосу. Концепт: "сұр" жабдықпен күрес	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2026 жылғы қыркүйек	ЖИЦДМ, "Мемлекеттік радиожілік қызметі" РМК (келісу бойынша), "ҰАТ" АҚ (келісу бойынша), QazTech Ltd. (келісу бойынша)	бюджеттен тыс қаражат есебінен
	Киберқауіпсіздікті нығайту				

